

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жиырма жылдығы

2013 жылы 13 наурыз күні «Құқықтану» мамандығының ЮР-117,127, ЮР-116,126,136, ЮР-115,125 топтарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жиырма жылдығы» атты іс-шара топ эдвайзерлерімен және тәрбие бөлімінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-әрбір азаматтың міндеті» атты тақырыпта дөңгелек үстел және тәлімгерлік сағат өтілді.



«Құқықтық турнир»

2018 жылы 3 наурыз күні Оңтүстік Қазақстан облысының Сотында «Құқықтық турнир» өтуіне байланысты Құқықтану мамандығының студенттері сұрақ- жауапқа белсене қатысып ЮР-114 тобы Төлен Ұлжан мен ЮР-117 тобының студентті Абилхасым Бекмұхаммед арнайы сыйлықпен марапатталды.



«Адам саудасының құрбаны болмаудың жолдары»

28.02.2018 жылы сағат 12:00 де, 404 аудиторияда «Құқықтану» кафедрасына қарасты тәрбие жұмысы бойынша ПД өкілдері қатысуымен «Адам саудасының құрбаны болмаудың жолдары» атты жастар мәселелеріне байланысты құқықтық білім беру жиыны өтті.

Іс-шара қонақтары: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданының жергілікті полиция қызметі - майор Мекембаев Талғат, учаскелік полиция, аға лейтенанты Мустапаев Мухтар Абдымажитович, құқықтану ПОҚ, 1 курс ЮР-117, 127 топ студенттері қатысты.



Академиялық адалдық рухани жаңғыру контекстінде

2017 жылы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Назарбаев университетімен бірлесіп бейнеконференцбайланыс арқылы «**Академиялық адалдық рухани жаңғыру контекстінде**» тақырыбында ЖОО Телекөпір өткізді.

Халықаралық гуманитарлық –техникалық университетінен «Құқықтану» кафедрасынан ЮР-116, ЮР-126, ЮР-136 тобының студенттері іс-шараға қатысып белсенділік танытты.



Оқу процесінің барысында тәрбие жұмысының жоғарғы оқу орындарының бекітілген стандарттарына сәйкес білікті мамандарды даярлауда, студенттерге оқытушылармен берілетін тәрбие жұмысының алатын орны ерекше және оны атқару әрбір оқытушының міндеті болып табылады. Тәрбие жұмысы оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәрбие жұмысының жоғарғы оқу орындарының талаптарына сәйкес атқарылуы мақсатында жоспар негізінде **10 тараудан** тұратын бағытпен жасалды. Тәрбие жұмысының жоспары кезекті кафедра мәжілісінде талқыланып, факультет кеңесінде бекітілді.

Жалпы тәрбие жұмыстары **10 бағыт** бойынша жүзеге асырылды:

1. Ұйымдастыру және жоспарлау;
2. Қоғамдық тәрбие;
3. Адамгершілік рухани тәрбие;
4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
5. Эстетикалық тәрбие;
6. Экологиялық тәрбие;
7. Ұлттық рухани және патриоттық тәрбие;
8. Құқықтық тәрбие;
9. Студенттерді мамандыққа баулу бағыты;
10. Кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізу іс-шаралары;

№	Топтар	Курс	Эдвайзердің (аты-жөні)
«Құқықтану» (күндізгі бөлім)			
1	ЮР-117	1 курс	Сарсенова М.М.
2	ЮР-116	2 курс	Алимкулова А.С.
3	ЮР-126	2 курс	Куланова Г.З.
4	ЮР-136	2 курс	Першеев А.С.
5	ЮР-115	3 курс	Абсаматова Э.О.
6	ЮР-125	3 курс	Тургунбаева А.Т.
7	ЮР-114	4 курс	Сартбаева У.К.
8	ЮР-124	4 курс	Каныбеков А.Ш.